



«Келісілді»

Абай облысы бойынша МКД басшысы

Р. Данияров

2025 жылғы «09» маусым

Абай облысы бойынша МКД сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы талдамалық анықтама

09.06.2025 жылы

Семей қаласы

I. Кіріспе бөлім

Абай облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің (бұдан әрі - Департамент) жұмыс тобы Абай бойынша МКД басшысының 2025 жылғы 11 сәуірдегі № 98 бұйрығының негізінде Департаментінің құрылымдық бөлімшілердің жұмысында сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізді.

Үлгілік қағидаларына сәйкес сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау Департаментта келесі бағытта жүргізілді:

Департаментінің жұмыста пайдаланатын нормативтік-құқық актілерінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Бөлімшілердің жұмысында пайдаланатын нормативтік-құқық актілерінде сыбайлас жемқорлыққа әке соғатын, дискрециялық өкілеттіктерді және нормаларды анықталады.

Департаментінің және оның аймақтық бөлімшелердің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау 2024 жылдың 01 мамырдан бастап 2025 жылдың 01 мамырға дейін жүргізілді.

Сыбайлас жемқорлықты талдау Жұмыс тобымен жүргізіліп, тәуелсіз сарапшылар (мамандар) қатысқан жоқ.

Департаментінің және оның аймақтық бөлімшелердің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау келесі бағытта жүргізілді:

- 1) персоналды басқару, оның ішінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне шалдыққан лауазымдарды айқындау;
- 2) мүдделер қақтығысын реттеу;
- 3) мемлекеттік қызметтер көрсету;
- 4) рұқсат беру функцияларын іске асыру;
- 5) бақылау-тексеру функцияларын іске асыру;
- 6) бюджет және қаржы қаражатын игеру және бөлу;
- 7) жеке және заңды тұлғалармен шарттар жасасу;
- 8) ақпараттық жүйелерді әзірлеу және пайдалану;

9) талдау объектісінің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінен туындайтын өзге де мәселелер.

II. Сипаттама бөлігі

1. Персоналды басқару, соның ішінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне шалдыққан лауазымдардың тізбесін айқындау

Департаментының және оның аймақтық бөлімшелердің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдауын жүргізгенде, Абай облысы бойынша МКД және оның аймақтық бөлімшелерде персоналды басқару Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүргізіледі, соның ішінде: Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінің, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік қызмет туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл» Заңдарына және де басқа заңдарына сонымен қатар нормативтік-құқық актілеріне сәйкес жүргізіледі.

2025 жылдың 01 мамырына сәйкес облыстың мемлекеттік кірістер органның жалпы саны 300 бөлігін құрайды (факті 358), соның ішінде Департамент саны 206 бөлік (факті 191), аймақтық мемлекеттік кірістер органның саны 184 бөлік (факті 167).

2024 жылдың 1 мамырдан бастап 2025 жылдың 1 мамырға дейін облыстың мемлекеттік кірістер органның 88 адам ауысқан (Департамент 30 адам, аймақ 58 адам), соның ішінде мемлекеттік органның ішінде 13 адам, басқа мемлекеттік органға ауысу жұмыстан шығарылған 15 адам.

2024 жылдың 1 мамырдан бастап 2025 жылдың 1 мамырға дейін тәртіптік жауапкершілікке 52 лауазымды қызметкер тартылған.

2024 жылдың 1 мамырдан бастап 2025 жылдың 1 мамырға дейін мемлекеттік қызметке кір келтіретін тәртіптік теріс қылықтар - 0.

Департаментының және оның аймақтық бөлімшелердің мемлекеттік қызметін өту процесстерін анықтау кезінде (бос орындарға конкурстарды жариялау, тәртіптік жазаларды салу, кәсіптікті жоғарлау мен қайтадан даярлау, тәлімгерлік және т.б.) осы процесстер мемлекеттік қызмет туралы заңның талаптарына сәйкес екенін көрсетті.

Департаментының жұмысында персоналды басқару бағыты бойынша жүргізілген талдаудың нәтижесінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдер анықталған жоқ.

2. Мүдделер қақтығысын реттеу

Мемлекеттік қызметте әдепті бақылау сыбайлас жемқорлықты, әдеп бұзушылықтарды алдын-алу және мүдделер қақтығысын реттеу бойынша маңызды механизмін құрайды.

Әдеп жөніндегі уәкіл институтын іске асыруы әсері осыған әкеліп, сонымен қатар мемлекеттік қызметкерлердің жауапкершілігі мен қызмет тәртібін одан әрі арттыру және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл қосымша механизмін құрылуына себеп болды.

Абай облысы бойынша МКД-да Әдеп жөніндегі уәкіл функциялары Департаментының басшысының орынбасарына тағайындалған.

Әдеп жөніндегі уәкілдің жұмысын, 2024 жылдың 1 мамырдан бастап 2025 жылдың 1 мамырға дейін талдау барысында, Департаментының Әдеп жөніндегі уәкілмен есеп мерзімінде Қазақстан Республикасының Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы № 153 бұйрығымен бекітілген Әдеп жөніндегі уәкілдер туралы ережесіне (*бұдан әрі - Ереже*) сәйкес жұмыс жүргізілгенін анықталған. Тоқсандық есептерді, жазылған өтініштерді талдау кезінде мүдделер қақтығысы анықталған жоқ.

Ереженің 9 тармақшасының 4 тармағы бойынша Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы заңнамасын және Әдеп кодексін бұзу профилактикасы және оған жол бермеу, сондай-ақ мемлекеттік қызметтің оң бейнесін қалыптастыру мақсатында азаматтық қоғам институттарымен және мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл жасайды

Департаментының Әдеп жөніндегі уәкілмен Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы заңнамасын және Әдеп кодексін сақтау мәселелері бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізеді.

Департаментының интернет-ресурсында көрсетілген жеке тұлғаларды, заң тұлғалардың өкілдерін қабылдау кестесіне және Ереженің 9 тармағы 3 тарауына сәйкес Абай бойынша МКД-ның Әдеп жөніндегі уәкіл азаматтарды қабылдауды жүргізеді.

Департаментының Әдеп жөніндегі уәкілмен 2024 жылдың 1 мамырдан бастап 2025 жылдың 1 мамырға дейін 25 жиналыс өткізіліп, Департаментының интернет-ресурсында 27 мақала жарияланған.

Департаментының Әдеп жөніндегі уәкілмен 2024 жылдың 1 мамырдан бастап 2025 жылдың 1 мамырға дейін мемлекеттік кірістер органның 230 қызметкерлерден сауалнама алынды.

Жүргізілген талдаудың нәтижесінде Департаментының Әдеп жөніндегі уәкілдің жұмысы ашық болып танылды.

Департаментының жұмысында мүдделер қақтығысын реттеу жөніндегі сұрақтар бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдер анықталған жоқ.

3. Мемлекеттік қызмет көрсетулер

Абай облысы бойынша МКД-мен 2024 жылдың 1 мамырдан бастап 2025 жылдың 1 мамырға дейін 530 403 мемлекеттік қызмет берілген, соның ішінде 371 093 жеке тұлғаларға, 159 310 заңды тұлғаларға. Мемлекеттік қызмет электронді түрде 528 215, қағаз жүзінде 2 188.

Талдау нәтижесінде қағаз жүзінде берілген мемлекеттік қызмет көрсетулер Қазақстан республикасының заңнамасына сәйкес деп танылды.

Абай облысы бойынша МКД-ның жұмысында мемлекеттік қызмет көрсетулер бағыты бойынша жүргізілген сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне

ішкі талдаудың нәтижесінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

4. Рұқсат беру функцияларын іске асыру

Абай облысы бойынша МКД-ның жұмысында рұқсат беру функцияларын іске асыру бағыты бойынша жүргізілген сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдаудың нәтижесінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

5. Бақылау-тексеру функцияларын іске асыру

1. Оңалту және банкроттық туралы қолданыстағы заңнамада банкроттық басқарушы үшін ай сайын кредиторлар комитетіне төлеуге жататын әкімшілік шығыстардың сомаларын көрсете отырып, жұмыс нәтижелері туралы есеп беру міндеті көзделген.

Өз кезегінде кредиторлар есепте көрсетілген шығыстардың негізділігі тұрғысынан қарайды және төлеуге жататын әкімшілік шығыстардың сомасын бекіту туралы шешім қабылдайды.

«Оңалту және банкроттық туралы» Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі - Заң) 100-1-бабының 3-тармағында кредиторлар комитеттерінің шешімінсіз әкімшілік шығыстарды төлеуге жол берілмейтіні айқындалған.

Жоғарыда айтылғандардан банкроттық басқарушының бір айдан асатын кезең үшін атқарылған жұмыс туралы есеп беруге құқығы жоқ екендігі шығады. Кредиторлардың осындай әкімшілік шығыстарды бекіту туралы шешімі негізсіз, күшін жоюға жататын болады.

Осыған байланысты, оңалту және банкроттық рәсімдерінде әкімшілік шығыстарды нақтылау көзделетін Заңға және басқа да заңға тәуелді нормативтік-құқықтық актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізуді ұсынамыз.

2. Дәрменсіз борышкерлермен жұмыс басқарманың қызметкері борышкерді банкрот деп танығаннан кейін әдейі банкроттық фактілері бойынша талдау жүргізуі, яғни борышкерді банкрот деп тануға әкеп соққан мән-жайларды анықтауы тиіс. Бұл ретте, ЭШФ талдауын, мониторингін және банк үзінділерін қызметкер жеке жүргізеді, бұл белгілі бір мәліметтерді жасыруға әкелуі мүмкін.

Жоғарыда айтылғандарға байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелін болдырмау, қасақана банкроттықты анықтауды автоматтандыру SDF АЖ-де іске асырылатынын, оның соңында Департаменттің лауазымды тұлғаларына пайдалану құқығын береді.

6. Бюджет және қаржы қаражатын игеру және бөлу

Абай облысы бойынша МКД-ның жұмысында бюджет және қаржы қаражатын игеру және бөлу бағыты бойынша жүргізілген сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдаудың нәтижесінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.


7. Жеке және заңды тұлғалармен шарттар жасасу

Абай облысы бойынша МКД-ның жұмысында жеке және заңды тұлғалармен шарттар жасасу бағыты бойынша жүргізілген сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдаудың нәтижесінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

8. Ақпараттық жүйелерді әзірлеу және пайдалану

Абай облысы бойынша МКД-ның жұмысында ақпараттық жүйелерді әзірлеу және пайдалану бағыты бойынша жүргізілген сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдаудың нәтижесінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

АРБ басшысы:



Ж. Нуракатова